

Қазақстан Республикасының газ саласын дамытудың 2007-2010 жылдарға арналған (екінші кезең) бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 қазандағы N 1007 Қаулысы

"Қазақстан Республикасының газ саласын дамудың 2004-2010 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 18 маусымдағы N 669 қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының газ саласын дамытудың 2007-2010 жылдарға арналған (екінші кезең) бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық, жергілікті атқарушы органдары мен мүдделі ұйымдары (келісім бойынша) Іс-шаралар жоспарының орындалуын және орындалу барысы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне уақтылы беруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі жыл сайын жарты жылдықтың және жыл қорытындысы бойынша Іс-шаралар жоспарының іске асырылу барысы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі С.М.Мыңбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы»29 қазандағы
N 1007 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының газ саласын дамытудың
2007-2010 жылдарға (екінші кезең) арналған
бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары**

Р / с N	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Орын- дал -	Орын- далу мер-	Бол- жан- атын шы - ғыс - тар	Қар- жы -
------------	------------	------------------	----------------	-----------------------	--	--------------

			уына жауап- тылар	зімі	(млн. тең- ге)	лан- дыру көзі
1	2	3	4	5	6	7
1.	Орынбор газды қайта өңдеу зауытының базасында жылына кемінде 15 млрд. текше метр қазақстандық газды қайта өңдеу қуаты бар "Газпром" ААҚ мен "ҚМГ" АҚ арасында бірлескен кәсіпорын құру	БК құру	ЭМРМ, "Самұ- рық" АҚ, "ҚМГ" АҚ	2009 жылғы қаң- тар	2008 ж. - 90000,0	"ҚМГ" АҚ
2.	Амангелді газ кен орындарының тобын Анабай, Жарқұм және Айрақты кен орындарын әзірлеуде жете барлау мен тартуға бағытталған дайындық іс-шараларын жүргізу а) инвестициялық жобаларды іске асыру жөніндегі ұсыныстарды РБК-ға енгізу б) РБК-да қабылданған параметрлер бойынша кен орындарын әзірлеу	Р Б К шешімі Пайда- лануға беру	ЭМРМ, ЭБЖМ, "Самұ- рық" АҚ, "ҚМГ" АҚ "ҚМГ" АҚ, "ЭМРМ, "ҚТГ" АҚ	Жыл сайын 1 мау- сымға дейін 2010 жылғы жел- тоқ- сан	Талап етіл- мейді Бюд- жет- тік өті- німге сәй- кес РБК- ның	-

					ш е - ш і м і бой - ынша	РБ*
3.	Газ айдау көлемін 600 миллион текше метрге дейін ұлғайту мақсатында "Ақыртөбе" жерасты газ қоймасы құрылымының сыйымдылық сипаттамасын зерттеуді жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ (жинақтау), "ҚТГ" АҚ, "ИОА" АҚ	2008 жылғы шілде	2008 ж. - 181 2009 ж. - 600 2010 ж. - 141	"ҚМГ" АҚ, "ҚТГ" АҚ
4.	Алматы қаласының ауданында кемінде 200 миллион текше метр қуаты бар жерасты газ қоймасын құруға болатын геологиялық құрылымды анықтау жөнінде зерттеулер жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ (жинақтау), "ҚТГ" АҚ, "ИОА" АҚ	2008 жылғы қаңтар	2008 ж. - 35	"ҚМГ" АҚ, "ҚТГ" АҚ
5.	Қазақстан Республикасы жер қойнауын пайдаланушыларының ілеспе газды кәдеге жарату жөніндегі бағдарламаны орындауын бақылауды жүзеге асыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ (жинақтау), Қоршаған ортаның табиғатын қорғау және қолдану жөніндегі мемлекеттік компаниясының АҚ, ТЖМ	Жыл сайын, қаңтар, шілде	Талап етілмейді	-
6.	2020 жылға дейін газды өндіру және тұтыну теңгерімін әзірлеу	Бұйрық	ЭМРМ облыстардың, Алматы қаласының әкімдері, "ҚМГ" АҚ, "БДБ" АҚ	2008 жылғы қаңтар	Талап етілмейді	-
2. Газ тасымалдау инфрақұрылымын дамыту, жаңғырту және қайта құру						
	Іске асырылуы мемлекеттің қолдауымен (республикалық бюджеттен қаржыландырумен) жүзеге асырылатын басым бюджеттік инвестициялық	ЭБЖМ-ге инвестиция-	ЭМРМ, ЭБЖМ, облыстардың, Астана және	Жыл сайын 15		

7.	бағдарламаларға қосу үшін елді мекендерді газдандару жөніндегі инвестициялық жобалардың тізбесін дайындау	л ы қ ұсыныстар	Алматы қалаларының әкімдіктері	мамырға дейін	Талап етілмейді	-
8.	"Өзен-Жетібай" учаскесінде ұзындығы 60 км және жылына газ өткізу қабілеті 1,9 млрд. текше метр болатын "Өзен-Ақтау" магистральдық газ құбырының резервтік желісін салу	Объектіні пайдалануға беру	Маңғыстау облысының әкімдігі, ЭМРМ, "ҚДБ" АҚ, "ҚТГА" АО	2008 жылғы шілде	2007 ж. - 2927	"ҚДБ", "ҚТГ" АҚ кепілдігімен қарыз алушы "ҚТГА" АҚ
9.	"Капиталмұнайгаз" ММ теңгеріміне одан әрі беру арқылы жылына 1 млрд. текше метрге дейін өткізу қабілеті бар ұзындығы 128,3 км "Жаңажол-Ақтөбе" магистральдық газ құбырының учаскелерін сатып алу туралы ұсыныстар енгізу	Бюджеттік өтінім	ЭМРМ, ЭБЖМ, "Самұрық" АҚ, "Капиталмұнайгаз" ММ	2008 жылғы мамыр	-	-
10.	Жұмыс істеп тұрған газ тасымалдау жүйесін қайта құру және жаңғырту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ (жинақтау), "ҚМГ" АҚ, "ҚТГ" АҚ	Жыл сайын, 10 ақпан	2008 ж. - 18020 2009 ж. - 15970 2010 ж. - 16570	"ҚМГ" АҚ, "ҚТГ" АҚ
3. Газды пайдалану кезінде техника қауіпсіздігін жетілдіру						
11.	Тұрғын үйлер мен коммуналдық-тұрмыстық мақсаттағы объектілерде газды қауіпсіз пайдалануды бақылауды тиімді жүйесін құру жөнінде ұсыныстар дайындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ТЖМ (жинақтау), ЭМРМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2008 жылғы қаңтар	Талап етілмейді	-

4. Баға саясаты

<p>12.</p>	<p>Ішкі нарықта табиғи газға бағаны реттеу жөніндегі шараларды жүзеге асыру</p> <p>а) әлемдік баға конъюктурасын ескере отырып, ішкі нарықтағы газға босату бағасына талдау жүргізу және оның өзгерістері</p> <p>б) табиғи газ бағасын арттырудың әлеуметтік -экономикалық салдарларын бағалау:</p> <p>өнеркәсіптің басқа салаларына;</p> <p>мемлекеттік бюджеттің инфляциясына және шығыстарына,</p> <p>в) Экономикалық және әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттары мен тиісті жылға арналған экономикалық көрсеткіштердің болжамы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық банктің жыл сайынғы бірлескен мәлімдемесінің құрамына оларды қабылдау мақсатында газды тұтынушыларға тасымалдау және жеткізуге арналған</p>	<p>ЭБЖМ-ге ақпарат</p> <p>Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс</p> <p>ЭБЖМ-ге ақпарат</p>	<p>ЭМРМ (жинақтау), "ҚМГ" А Қ</p> <p>ЭМРМ (жинақтау), ЭБЖМ, И С М</p> <p>ЭМРМ (жинақтау), И С М, ЭБЖМ</p> <p>ЭБЖМ (жинақтау), И С М, Т М Р А әкімдіктер (келісім бойынша)</p> <p>ЭМРМ, "Самұрық" А Қ, "ҚМГ" АҚ</p>	<p>2007 жылғы қараша</p> <p>2007 жылғы қараша</p> <p>2007 жылғы қараша</p> <p>2007 жылғы қараша</p> <p>2007 жылғы қараша</p>	<p>Талап етілмейді</p> <p>Талап етілмейді</p> <p>Талап етілмейді</p> <p>Талап етілмейді</p> <p>Талап етілмейді</p>	<p>-</p> <p>-</p> <p>-</p> <p>-</p> <p>-</p>
------------	---	---	--	--	--	--

Е с к е р т п е :

- *- "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ жарғылық капиталының ұлғаюы есебінен
- ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджетті
жоспарлау министрлігі
- ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық
ресурстар министрлігі
- Қоршағанортамині - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны
қорғау министрлігі
- ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі
- ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
- ТМРА - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу
а г е н т т і г і
- "ҚМГ" АҚ - "ҚазМұнайГаз" ҰК акционерлік қоғамы
- "ҚТГ" АҚ - "ҚазТрансГаз" акционерлік қоғамы
- "ҚТГА" АҚ - "ҚазТрансГаз Аймақ" акционерлік қоғамы
- "ИОА" АҚ - "Интергаз Орталық Азия" акционерлік қоғамы
- "БДБ" АҚ - "Мұнай және газ өнеркәсібінің бас диспетчерлік
басқармасы" акционерлік қоғамы
- "ҚДБ" АҚ - "Қазақстан Даму банкі" акционерлік қоғамы
- "Газпром" ААҚ - "Газпром" акционерлік қоғамы
- РБК - Республикалық бюджет комиссиясы

РБ - Республикалық бюджет